

1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан Ресей Федерациясының 4 Мемлекеттік орталық полигонының объектілері мен жауынгерлік алаңдарын жалдау туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 шілдедегі N 700 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан Ресей Федерациясының 4 Мемлекеттік орталық полигонының объектілері мен жауынгерлік алаңдарын жалдау туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Мұхтар Қапашұлы Алтынбаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан Ресей Федерациясының 4 Мемлекеттік орталық полигонының объектілері мен жауынгерлік алаңдарын жалдау туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жасасуға өкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.24. N 1158 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан Ресей Федерациясының 4 Мемлекеттік орталық полигонының объектілері мен жауынгерлік алаңдарын жалдау туралы 1996 жылғы 18 қазандағы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
ХАТТАМА**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Ф е д е р а ц и я с ы н ы ң Ү к і м е т і ,

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің
арасындағы Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан Ресей Федерациясының
4 Мемлекеттік орталық полигонының объектілері мен жауынгерлік алаңдарын жалдау
туралы 1996 жылғы 18 қазандағы шартқа (бұдан әрі - Шарт) мынадай өзгерістер мен
толықтырулар енгізуге келісті:

1. Шарттың атауындағы, кіріспенің екінші және үшінші абзацтарындағы "4
Мемлекеттік орталық полигонының" деген сөздер "4 Мемлекеттік орталық көру аралық
полигонының" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Шарттың мәтініндегі "МОП" деген аббревиатура "МОКП" деген
аббревиатурамен ауыстырылсын.

3. 3-бап мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:
"Полигон - жер учаскелерін және онда орналасқан мүлікті өзіне қамтитын бірыңғай
к е ш е н .

Полигонды жалдау объектісінің бірлігі үшін ставка - Полигонның жер учаскелерін,
оның ішінде олардағы жылжымалы және жылжымайтын мүлік объектілері орналасқан
жер учаскелерін де жалға берілген алаң (гектар) бірліктерін пайдаланғаны үшін жалдау
ақысы - 2,33 АҚШ доллары мөлшерінде белгіленеді."

4. 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Шарттың 3-бабында белгіленген полигонды жалдау объектісінің бірлігіне
ставканы ескере отырып есептелген Полигонды пайдаланғаны үшін жыл сайынғы
жалдау ақысы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап 0,682 млн. АҚШ долларына баламалы
соманы құрайды. Бұл ретте, жалдау ақысының көрсетілген мөлшері Шартқа қол
қойылған күніне пайда болған немесе Қазақстан Республикасының аумағына сол
күннен кейін енгізілген және Полигонды жалға алуға қатысты салықтардың барлық
түрін, комиссияларды, жиындарды ескереді.

Полигонның жалға берілетін жер учаскелерінің, сондай-ақ олардағы жылжымалы
және жылжымайтын мүлік объектілері орналасқан жер учаскелерінің құрамы өзгерген
жағдайда, жалдау ақысы Полигонды жалдау объектісінің бірлігіне белгіленген
ставканы ескере отырып, жер учаскелерінің жалға алынатын алаңының өзгеруіне
үйлесімді түрде өзгереді.

Жалға беру ақысының өзгеруін Тараптар осы Шарттың ажырамас бөлігі болып
табылатын жекелеген хаттамамен ресімдейтін болады."

5. 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Шарттың 4-бабында белгіленген жалға беру ақысы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап
еркін айырбасталатын валютада (АҚШ доллары) жүзеге асырылатын болады.

Жалға алу төлемдерін аудару жыл сайын әрқайсысы екі тең үлеспен жылдың екінші
және төртінші тоқсанының соңғы айының 5 күніне дейін жүзеге асырылады.

Қазақстан Тарапы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігіне қаражатты аудару үшін төлем алушыны және қаржы деректемелерін көрсетіп хабарлама жібереді.

Төлем алушы және (немесе) оның қаржы деректемелері өзгерген жағдайда Қазақстан Тарапы кезекті төлем мерзімі өткенге дейін бір айдан кешіктірмей Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігін бұл туралы хабардар етуге міндетті."

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы өзара консультациялар мен келіссөздер жолымен шешілетін болады.

Тараптардың біреуінде бірлескен шешімді талап ететін мәселелер туындаған кезде осы Тарап екінші Тарапты келіссөздер басталғанға дейін 30 күн бұрын жазбаша х а б а р л а й д ы .

Осы Хаттама Тараптар оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама жасаған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан Ресей Федерациясының 4 Мемлекеттік орталық полигонының объектілері мен жауынгерлік алаңдарын жалдау туралы 1996 жылғы 18 қазанда Мәскеу қаласында жасалған шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

200 жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің күші бірдей.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮШІН

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

ҮШІН